

Ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушыларының есебін беруді ұсыну жөніндегі Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы N 59 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 29 наурызда тіркелді. Тіркеу N 4150. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2007 жылғы 24 желтоқсандағы N 275 (2008 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2007.12.24. N 275 (2008 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" , "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" , "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Басқармасы (бұдан әрі - **Агенттік**)

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ұсынылып отырған Ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушыларының есебін беруді ұсыну жөніндегі Ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа е н е д і .

3. Бағалы қағаздар рыногының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті (Тоқобаев Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы", "Активтерді басқару қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне жіберсін.

4. Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат

құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л.Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасы Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен қадағалау агенттігі

Басқармасының

2006 жылғы 25 ақпандағы

N 59 қаулысымен бекітілген

**Ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі
қатысушыларының есеп беруді ұсыну жөніндегі
Ережесі**

1. Осы Ереже қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) ашық жинақтаушы зейнетақы қорының (бұдан әрі - Қор) ірі қатысушыларының есепті беру нысандары мен тәртібін белгілейді.

2. Қазақстан Республикасының резиденттерін - екінші деңгейдегі банкті, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын, Қорды қоспағанда, Қордың ірі қатысушысы уәкілетті органға есеп беруді "Қазақстан Республикасында зейнетақымен камсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Заң) 49-2-бабында белгіленген мерзімде ұсынады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 30 наурыздағы N 76 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-1. Бір уақытта басқа Қордың, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымның, екінші деңгейдегі банктің ірі қатысушысы болып табылатын Қордың ірі қатысушысының есептілігі ірі қатысушы уәкілетті органға талап етілген кезең бойынша осы есептілікті бұрын ұсынған жағдайда ұсынылмайды.

Ескерту. 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 30 наурыздағы N 76 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Заңды тұлға болып табылатын Қордың ірі қатысушысының қаржылық есеп беруіне мынадай нысандар енеді:

бухгалтерлік баланс;
кірістер және шығыстар туралы есеп;
ақшаның қозғалысы туралы есеп;

меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп; есеп саясаты туралы ақпарат және түсіндірме жазба.

4. Заңды тұлға болып табылатын Қордың ірі қатысушысы жыл сайын қаржы жылы аяқталғанға дейінгі тоқсан күн ішінде уәкілетті органға аудиторлық ұйым қол қоймаған қағазға шығарылған шоғырландырылған және шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есеп беруді береді.

5. Заңды тұлға болып табылатын Қордың ірі қатысушысының жылдық қаржылық есеп беруіндегі түсіндірме жазбада осы Ереженің 1-3-қосымшаларына сәйкес Заңның 49-2-бабының 3-тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген ақпарат көрсетіледі.

6. Заңды тұлға болып табылатын Қордың ірі қатысушысының жылдық шоғырландырылған қаржылық есеп беруіндегі түсіндірме жазбада осы Ереженің 5-тармағында аты аталған ақпараттан басқа шоғырландырылған қаржылық есеп беруді жасау жөніндегі жұмыс кестесінің ақпараттарын толық ашуға қажетті қосымшасымен бірге шоғырландырылған қаржылық есеп беруді жасау әдістерінің жан-жақты сипаты және Қордың ірі қатысушысының шоғырландырылған қаржылық есеп беруіне қосылған Қордың ірі қатысушысының еншілес және тәуелді ұйымдарының қаржылық есеп беру жөніндегі баптарына тиісінше жағдайда ресімдеп жасаған (бірінші басшы және бас бухгалтер қол қойған, сондай-ақ ұйым мөрімен бекітілген) талдаулары көрсетіледі.

7. Шоғырландырылған аудиттің өткендігі туралы, ал ол болмаған жағдайда шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есеп беру есебінің көшірмелерін және аудиторлық ұйымның ұсынымын заңды тұлға болып табылатын Қордың ірі қатысушысы осы құжаттарды алған күннен бастап он күн ішінде уәкілетті органға береді.

8. Жеке тұлға болып табылатын Қордың ірі қатысушысы қаржы жылы аяқталғаннан кейінгі тоқсан күн ішінде уәкілетті органға осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес кірістер және мүлік туралы мәліметтері бар қағазға шығарылған есеп беруді, сондай-ақ осы Ереженің 5-8-қосымшаларына сәйкес Заңның 49-2-бабының 2-тармағының 1)-4) тармақшаларындағы көрсетілген а қ п а р а т т ы б е р е д і .

Жеке тұлға болып табылатын Қордың ірі қатысушысы Қазақстан Республикасының салық туралы заңнамасына сәйкес салық қызметі органына кірістер туралы декларация беретін болған жағдайда қаржы жылы аяқталғаннан кейін жүз жиырма күн ішінде уәкілетті органға кірістер туралы декларацияның нотариатта куәландырылған, оның қабылданғандығы туралы салық органының белгісі қойылған көшірмесін береді.

9. Қор Қордың ірі қатысушысының уәкілетті органға есеп беруді осы Ережеге сәйкес уақтылы және толық беруін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

10. Осы Ереже реттемейтін мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіп бойынша шешіледі.

Ашық жинақтаушы зейнетақы
қорының ірі қатысушыларының
есеп беруді ұсыну жөніндегі

Ережесіне 1-қосымша

Қордың ірі қатысушысы қызметінің түрлерін сипаттау

1. Есеп беруші ұйым туралы ақпарат:

Қордың ірі қатысушысының атауы _____

Почталық мекен-жайы _____

Орналасқан жері _____

Телефон _____ Факс _____

2. Маңызды операцияларды сипаттау (маңызды операциялар болып оларды жүзеге асыру күні Қордың ірі қатысушысының басқа тұлғалардың акцияларында және жарғы капиталындағы қатысу үлесінде орналасқан активтерді шегергендегі меншікті капиталының он және одан артық процентін құрайтын операциялар болып табылады):

N	Операция түрі	Операцияны жасау мақсаты	Операция жасау күні	Сомасы (мың теңгемен)	Жасалған операцияның (кіріс алынған) валюта түрі	Қарсы әріптес атауы	Қаржылық қорытынды (мың теңгемен)
1.							

3. Қор мен Қордың ірі қатысушысының арасындағы өзге операцияларды сипаттау:

N	Операция түрі	Операцияны жасау мақсаты	Операция жасау күні	Сомасы (мың теңгемен)	Жасалған операцияның (кіріс алынған) валюта түрі	Қарсы әріптес атауы	Қаржылық қорытынды (мың теңгемен)
1.							

4. Қор мен Қордың ірі қатысушысы бірлесіп қатысатын өзге операцияларды сипаттау:

N	Операция түрі	Операцияны жасау мақсаты	Операция жасау күні	Сомасы (мың теңгемен)	Жасалған операцияның (кіріс алынған) валюта түрі	Қарсы әріптес атауы	Қаржылық қорытынды (мың теңгемен)
1.							

5 .

Қ о с ы м ш а

а қ п а р а т :

1) Қордың ірі қатысушысының лауазымды тұлғалары туралы ақпарат:

N	Лауазымды тұлғаның фамилиясы, аты-жөні	Қордың ірі қатысушысы болып табылатын ұйымдағы атқаратын қызметі	Өзге ұйымның атауын көрсете отырып, ондағы атқаратын қызметін көрсету	Сатып алынған акциялардың құны/ қатысу сомасы (мың теңгемен)	Лауазымды тұлғаға тиесілі акциялар санының Қордың ірі қатысушысының, өзге ұйымның дауыс беретін акцияларының жалпы санына немесе оның жарғы капиталындағы қатысу үлесіне ара қатынасы (процентпен)			
					жеке		бірлесіп	
					тікелей	жанама	процент	ұйымның атауы/ жеке тұлғаның фамилиясы, аты-жөні
1								

2) (Қордың ірі қатысушысының (ірі акционерінің) ірі қатысушылары болып табылатын ұйымдарды қоспағанда) Қордың ірі қатысушысының қатысушылары (акционерлері) туралы ақпарат:

N	Ұйымның атауы/жеке тұлғаның фамилиясы, аты-жөні	Ж а р ғ ы капиталындағы қатысу сомасы/ сатып алынған акциялардың құны (мың теңгемен)	Тиесілі акциялардың саны	Тиесілі акциялар санының Қордың ірі қатысушысының дауыс беретін акцияларының жалпы санына немесе оның жарғы капиталындағы қатысу үлесіне ара қатынасы (процентпен)			
				жеке		бірлесіп	
				тікелей	жанама	процент	ұйымның атауы/ жеке тұлғаның фамилиясы, аты-жөні
1.							

3) Қордың ірі қатысушысының ұйымның жарғы капиталындағы (акцияларындағы) қатысу үлесін сатып алу үшін заем алғандығы жөніндегі ақпараты:

N	Заем берген ұйымның атауы/ жеке тұлғаның фамилиясы, аты-жөні	Қатысу үлесі ж а р ғ ы капиталында немесе заем есебінен сатып алынған акцияларда бар ұйым атауы	Заем сомасы (м ы ң теңгемен)	Ж а р ғ ы капиталына қатысу сомасы/ сатып алынған акциялар құны (м ы ң теңгемен)	Акциялар саны	Қордың ірі қатысушысының сатып алған акцияларының ұйымның дауыс беретін акцияларының жалпы санына немесе оның жарғы капиталындағы қатысу үлесіне ара қатынасы (процентпен)
1.						

4) Қордың ірі қатысушысы ірі қатысушы (ірі акционер) болып табылған ұйым тізбесінің өзгергендігі туралы ақпарат:

N	Қордың ірі қатысушысы ірі қатысушы (ірі акционер) болып табылған ұйымның атауы	Жарғы капиталына қатысу кезеңі/ акцияларды иелену (сатып алу және сату күні және мақсаты)	Қордың ірі қатысушысына тиесілі акциялар санының ұйымның дауыс беретін акцияларының жалпы санына немесе оның жарғы капиталындағы қатысу үлесіне ара қатынасы (процентпен)	Мәміле сомасы (мың теңгемен)	Мәміленің қаржылық қорытындысы (мың теңгемен)
1.					

Бірінші басшы _____
(фамилиясы, аты-жөні) _____ қолы

Бас бухгалтер _____
(фамилиясы, аты-жөні) _____ қолы

М ө р д і ң о р н ы

Орындаушы _____
(фамилиясы, аты-жөні) _____ қолы

Телефон _____

Күні _____

Ашық жинақтаушы зейнетақы
қорының ірі қатысушыларының
есеп беруді ұсыну жөніндегі

Ережесіне 2-қосымша

Қордың ірі қатысушысы қатысушы (акционер)

болып табылған ұйымдар туралы ақпарат

1. Есеп беріп отырған ұйым туралы ақпарат:

Қордың ірі қатысушысының атауы _____

Почталық мекен-жайы _____

Орналасқан жері _____

Телефон _____ Факс _____

2. Қордың ірі қатысушысының Қормен қарым-қатынасы туралы ақпарат:

1) Қордың дауыс беретін акцияларын иелену (процентпен):
тікелей _____ жанама _____

2) Қор акцияларымен дауыс беру мүмкіндігі (Қордың дауыс беретін акцияларының жалпы көлемінен алғанда процентпен):
тікелей _____ жанама _____

3) шарт күші бойынша не өзге жағдаймен Қор қабылдап отырған шешімге
ықпал ету мүмкіндігі (растаушы құжаттарды қоса бере отырып) _____

3. Қордың ірі қатысушысы қатысушы (акционер) болып табылатын ұйымдар туралы ақпарат:

N	Ұйым атауы	Қатысу сомасы/ сатып алынған акциялар құны (мың теңгемен)	Тиесілі акциялар саны	Қордың ірі қатысушысына тиесілі акциялар санының ұйымның дауыс беретін акцияларының жалпы санына немесе оның жарғы капиталындағы қатысу үлесіне ара қатынасы (процентпен)			
				жеке		бірлесіп	
				тікелей	жанама	процент	ұйымның атауы/ жеке тұлғаның фамилиясы, аты-жөні
1.							

4. Қордың ірі қатысушысы қатысушы (акционері) болып табылатын ұйым қызметінің түрін немесе түрлерін сипаттау (қаржылық есеп беруді қоса беріп) _____

5. Қордың ірі қатысушысының ұйымдардың жарғы капиталына (акцияларды иелену) қатысу схемасы (шартты болып табылады, Қордың ірі қатысушысының толық құрылымды беруі қажет)

Қордың ірі қатысушысының ірі қатысушысы			

			5 1 %

Қордың ірі қатысушысы			

1 5 %		1 0 %	

Қордың ірі қатысушысы ірі			
қатысушы (ірі акционер)			Қор
болып табылатын ұйым			
_____	5%		_____

Қордың ірі қатысушысы қатысушы (акционер)			
болып табылатын ұйым			

Бірінші басшы _____
 (фамилиясы, аты-жөні) қолы

Бас бухгалтер _____
 (фамилиясы, аты-жөні) қолы

М ө р д і ң

о р н ы

Орындаушы _____
(фамилиясы, аты-жөні) қолы

Телефон _____

Күні _____

Ашық жинақтаушы зейнетақы
қорының ірі қатысушыларының
есеп беруді ұсыну жөніндегі

Ережесіне 3-қосымша

**Қордың ірі қатысушысының ірі қатысушылары
(акционерлері) болып табылатын ұйымдар туралы ақпарат**

1. Есеп беріп отырған ұйым туралы ақпарат:

Қордың ірі қатысушысының атауы _____

Почталық мекен-жайы _____

Орналасқан жері _____

Телефон _____ Факс _____

2. Қордың ірі қатысушысының ірі қатысушылары (акционерлері) болып табылатын ұйымдар туралы ақпарат:

N	Ұйымның атауы	Қатысу сомасы/ сатып алынған акциялар құны (мың теңгемен)	Тиесілі акциялар саны	Қордың ірі қатысушысының ірі қатысушысына (акционеріне) тиесілі акциялар санының Қордың ірі қатысушысының дауыс беретін акцияларының жалпы санына немесе оның жарғы капиталындағы қатысу үлесіне ара қатынасы (процентпен)			
				жеке		бірлесіп	
				тікелей	жанама	процент	ұйым атауы/ жеке тұлғаның фамилиясы, аты-жөні
1.							

3. Қордың ірі қатысушысының ірі қатысушылары (акционерлері) болып табылатын ұйымдар қызметінің түрін және түрлерін сипаттау (қаржылық есеп беруді қоса беріп) _____

4. Қордың ірі қатысушысы ірі қатысушысының аффилиирленген тұлғалары туралы ақпарат (аффилиирлену белгісін көрсете отырып) _____

5. Қордың ірі қатысушысына бақылауды жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпарат (бақылау негіздемесін көрсете отырып) _____

6. Қордың ірі қатысушысын бақылайтын тұлғаның еншілес және тәуелді ұйымдары туралы ақпарат _____

Бірінші басшы _____
(фамилиясы, аты-жөні) _____ қолы

Бас бухгалтер _____
(фамилиясы, аты-жөні) _____ қолы

М ө р д і ң о р н ы

Орындаушы _____
(фамилиясы, аты-жөні) _____ қолы

Телефон _____

Күні _____

Ашық жинақтаушы зейнетақы
қорының ірі қатысушыларының
есеп беруді ұсыну жөніндегі

Ережесіне 4-қосымша

**Қордың ірі қатысушысының кірістері
және мүлкі туралы мәліметтер**

Есеп беруші тұлға туралы ақпарат:

Фамилиясы, аты-жөні _____

Жеке куәлігі (төлқұжат) _____
(сериясы, нөмірі, кім және қашан берген)

Мекен-жайы _____

Үй _____ жұмыс телефоны _____

Есепті кезең _____

N	Атауы	Өлшем бірлігі	Осының алдындағы есепті кезең үшін		Есепті кезең үшін		Есепті кезең ішіндегі өзгерістер	
			саны	сомасы (теңге)	саны	сомасы (теңге)	саны	сомасы (теңге)
1.	Есепті кезең үшін алынған кірістер:		X		X		X	
1.1	Жалақы		X		X		X	
1.2	Ұйымдардың жарғы капиталдарындағы (акцияларындағы) қатысу үлесінен түскен дивидендтер және кіріс		X		X		X	
1.3	Салымдар бойынша сыйақы		X		X		X	

1.4	Мүлікті жалға беруден түскен кіріс		X		X		X	
1.5	Кәсіпкерлік қызметтен түскен кіріс		X		X		X	
1.6	Мүлікті сатудан түскен кіріс		X		X		X	
1.7	Кірістің басқа түрлері (талдама жасалған)		X		X		X	
2.	Мүлік:		X		X		X	
2.1	А қ ш а : ұлттық валютада, оның ішінде:		X		X		X	
	қолма-қол ақшамен		X		X		X	
	банктік шоттарда		X		X		X	
	шетел валютасымен, оның ішінде:							
	қолма-қол ақшамен		X		X		X	
	банктік шоттарда		X		X		X	
2.2	Бағалы қағаздар (эмитент атауын көрсетіп), оның ішінде: жай акциялар артықшылықты акциялар облигациялар							
2.3	Қордың ірі қатысушысына тиесілі акциялар санының ұйымның (атауын көрсету) дауыс беретін акцияларының жалпы санына немесе олардың, оның ішінде Қазақстан Республикасы резидент еместерінің жарғы капиталдарындағы қатысу үлесіндегі ара қатынасы (процентпен)	X						
2.4	Жылжымайтын мүлік							
2.5	Басқа мүлік (талдама жасалған)							

Қ о л ы

Күні _____

Ашық жинақтаушы зейнетақы
қорының ірі қатысушыларының
есеп беруді ұсыну жөніндегі

Ережесіне 5-қосымша

**Қордың ірі қатысушысының Қор қабылдап отырған
шешімге ықпал етуді жүзеге асыруы туралы ақпарат**

Есеп беруші тұлға туралы ақпарат:

Фамилиясы, аты-жөні _____

Мекен-жайы _____

Үй _____ жұмыс телефоны _____

Қордың ірі қатысушысының Қор қабылдап отырған шешімге ықпал етуді
жүзеге асыруы туралы ақпарат:

1) олардың арасындағы шарт күші бойынша басқа тұлғалармен бірлесіп

2) өзге жағдаймен _____

оның ішінде осындай ықпал ету мүмкіндігін (растаушы құжаттарды қоса
беріп) анықтайтын өкілеттіктерді бөлуді сипаттау бар.

Қолы _____

Күні _____

Ашық жинақтаушы зейнетақы
қорының ірі қатысушыларының
есеп беруді ұсыну жөніндегі

Ережесіне 6-қосымша

**Қордың ірі қатысушысының ұйымдардағы атқарып
отырған қызметтері туралы ақпарат**

Есеп беруші тұлға туралы ақпарат:

Фамилиясы, аты-жөні _____

Мекен-жайы _____

Үй _____ жұмыс телефоны _____

N	Ұйымның атауы	Атқаратын қызметі	Қатысу сомасы/ сатып алынған акциялар құны (мың теңгемен) ұйым атауын көрсете отырып	Қордың ірі қатысушысына тиесілі акциялар санының ұйымның дауыс беретін акцияларының жалпы санына немесе оның жарғы капиталындағы қатысу үлесіне ара қатынасы (процентпен)			
				жеке		бірлесіп	
				тікелей	жанама	процент	ұйым атауы/ жеке тұлғаның фамилиясы, аты-жөні
1.							

Қ о л ы _____
Күні _____

Ашық жинақтаушы зейнетақы
қорының ірі қатысушыларының
есеп беруді ұсыну жөніндегі

Ережесіне 7-қосымша

**Қордың ірі қатысушысының ұйымдардың жарғы
капиталдарындағы оған тиесілі қатысу үлестерін
алынған заемдар есебінен сатып алуы туралы ақпарат**

Есеп беруші тұлға туралы ақпарат:
Фамилиясы, аты-жөні _____
Мекен-жайы _____

Үй _____ жұмыс телефоны _____

N	Заемды беруші ұйымның/ жеке тұлғаның атауы	Ұйымның атауы және жарғы капиталындағы немесе заем есебінен сатып алынған акциялардағы қатысу үлесі	Заем сомасы (мың теңгемен)	Жарғы капиталындағы қатысу сомасы/ сатып алынған акциялар құны (мың теңгемен)	Акциялар саны	Қордың ірі қатысушысының сатып алған акциялары санының ұйымның дауыс беретін акцияларының жалпы санына немесе оның жарғы капиталындағы қатысу үлесіне ара қатынасы (процентпен)
1.						

Қ о л ы _____
Күні _____

Ашық жинақтаушы зейнетақы
қорының ірі қатысушыларының
есеп беруді ұсыну жөніндегі

Ережесіне 8-қосымша

**Жақын туыстар, жұбайлар және Қордың ірі қатысушысының
жұбайының (жұбайларының) жақын туыстары туралы мәліметтер***

Есеп беруші тұлға туралы ақпарат:
Фамилиясы, аты-жөні _____
Мекен-жайы _____

Үй _____ жұмыс телефоны _____

N	Жақын туыстар, жұбайлар және Қордың ірі қатысушысының жұбайының (жұбайларының) немесе жұбайының (жұбайларының)	Туыстық дәрежесі	Ірі қатысушының жақын туыс, жұбайының (жұбайларының) немесе жұбайының (жұбайларының)	Жарғы капиталындағы қатысу сомасы / сатып алынған акциялар құны (мың теңгемен)	Жақын туыс, жұбайына (жұбайларына) немесе жұбайының (жұбайларының) жақын туысына тиесілі акциялар санының жалпы санына немесе оның жарғы капиталындағы қатысу үлесіне ара қатынасы (процентпен)

	жұбайларының жақын туысының фамилиясы, аты-жөні		) жақын туысының ұйымда атқаратын қызметі		жеке		бірлесіп	
					тікелей	жанама	процент	ұйым атауы/ жеке тұлғаның фамилиясы , аты-жөні
1.								

* кесте қордың ірі қатысушысының жұбайының (жұбайларының) немесе жұбайының (жұбайларының) жақын туысына байланысты мына жағдайларда толтырылады:

1) ұйымда қызмет атқарса және жарғы капиталында қатысу үлесі (акциялар) бар болса;

2) ұйымда қызмет атқарса, бірақ жарғы капиталында қатысу үлесі (акциялар) жоқ болса;

3) ұйымның жарғы капиталында қатысу үлесі (акциялар) бар, бірақ осы ұйымда қызмет атқармаса.

Қолы _____

Күні _____